БЕКІТЕМІН
Алматы қаласының
әкімінің орынбасары
О. Смағұлов
«03» сәуірде 2026 ж.

ЖОСПАР-ТАПСЫРМА
Алматы қаласына Шанхай қаласының мэрінің сапарын дайындау және өткізу бойынша
(2026 жылғы 6-8 сәуір, Алматы қ)

1. Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайттарында форум өткізу туралы ақпаратты орналастыруды қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі, Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы

2. VIP қонақтарды автокөлікпен қамтамасыз ету *(әуежайдан қонақүйге, қонақүйден іс-шара өтетін орынға, іс-шара орнынан қонақүйге, қонақүйден әуежайға).*

Жауапты: «Алматы қаласының шаруашылық басқармасы» ЖШС

3. Іс-шара өтетін күндері жедел медициналық көмек бригадасының кезекшілігін қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

4. Іс-шара өтетін орындарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының төтенше жағдайлар департаменті *(келісім бойынша)*

5. Іс-шара өтетін күндері қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының полиция департаменті *(келісім бойынша)*

6. Іс-шара өтетін залдарда жоғары жылдамдықты интернетке қосылуды ұйымдастыруға және Wi-Fi қамту үшін қосымша роутерлер орнатуға жәрдем көрсету.

Жауапты: Алматы қаласының цифрландыру басқармасы

7. Халықаралық қатысушыларға қонақүйлер мен мәдени нысандарды брондау кезінде арнайы жеңілдіктер ұсынуды ұйымдастыруға жәрдем көрсету.

Жауапты: Алматы қаласының туризм басқармасы, Алматы қаласының мәдениет басқармасы

8. Алматы қаласының әуежайында VIP қарсы алуды ұйымдастыруға жәрдем көрсету.

Жауапты: Алматы қаласындағы СІМӨ, Алматы қаласының туризм басқармасы, «Алматы халықаралық әуежайы» АҚ *(келісім бойынша)*, **Алматы қаласының мәдениет басқармасы**

9. «Алматы – Шанхай» бизнес-форумын ұйымдастыру *(Ritz Carlton қонақүйінің банкет залы)*.

Жауапты: Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар *басқармасы (зал жалдау, кофе-брейк ұйымдастыру және өзге де қызметтер),* **«Almaty Invest» ЖШС** *(қатысушылар тізімін пысықтау, B2B сессиялар),* **Алматы қаласының цифрландыру басқармасы** *(IT және AI саласындағы бастамалар)*, **Алматы қаласының мәдениет басқармасы, КМКҚ «Алматы әуендері», КМКҚ ТТИ «Алатау»** *(техникалық қамтамасыз ету)*

10. Делегацияны сапар бағдарламасында көзделген нысандарға сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласындағы СІМӨ, Алматы қаласы әкімінің аппаратының ұйымдастыру және бақылау жұмысы бөлімі

11. Алматы қаласының әкімі мен Шанхай қаласының мэрі арасында ресми кездесуді ұйымдастыру *(ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі)* және қазақ тілінен қытай тіліне кәсіби аудармашымен қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы әкімінің аппаратының ОВС *(материалдар, аудармашы)*, **ұйымдастыру және бақылау жұмысы бөлімі, басқармалар** *(құзыреті шегінде, келісім бойынша)*, **«Алматы қаласының шаруашылық басқармасы» ЖШС** *(сыйлық)*

12. Алматы қаласы әкімінің атынан ресми қабылдауды *(түскі ас)* ұйымдастыру және қазақ мәдениетіне арналған инсталляция ұйымдастыру *(киіз үй орнату, қолөнер шеберлік сабақтары, ұлттық киімдер мен тұрмыстық бұйымдар көрмесі және т.б.).*

Жауапты: Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы *(мейрамхана брондау, мәзір әзірлеу),* **Алматы қаласының мәдениет басқармасы, КМКҚ «Алматы әуендері», КМКҚ ТТИ «Алатау»** *(инсталляция ұйымдастыру)*

13. Ресми делегация үшін «Шымбұлақ» тау шаңғы курортына экскурсиялық бағдарламаны ұйымдастыру.

Жауапты: Алматы қаласының туризм басқармасы, Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы

14. Ресми делегацияның Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық музейіне баруын қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының мәдениет басқармасы

15. Концерттік бағдарламаны ұйымдастыру және Абай атындағы ҚазҰТОБ-та «Япурай» гала-спектакліне баруды, сондай-ақ шай рәсімін өткізуді қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының мәдениет басқармасы, КМКҚ «Алматы әуендері»,

КМКҚ ТТИ «Алатау», Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы

16. Алматы қаласы әкімінің атынан шай рәсімін ұйымдастыру және өткізу.

Жауапты: Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы

17. Бизнес-форумның фото-бейне түсірілімін және ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласы әкімінің баспасөз қызметі

18. «Шымбұлақ» тау шаңғы курортына көтерілу үшін электромобильдермен қамтамасыз ету.

Жауапты: «Алматы қаласының шаруашылық басқармасы» ЖШС

19. Іс-шаралар өтетін орындарда үздіксіз электрмен жабдықтауды және электрмонтерлердің кезекшілігін қамтамасыз ету.

Жауапты: Алматы қаласының энергетика және сумен жабдықтау басқармасы

20. 6 сәуір күні ресми делегация мүшелері үшін түскі асты ұйымдастыруды қамтамасыз ету *(мейрамхананы брондау, мәзірді әзірлеу).*

Жауапты: Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы